

## Әуликөл ауданының жолаушыларын әлеуметтік мәні бар тұрақты тасымалдау тарифтерін белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 28 маусымдағы № 110 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабының 1-тармағы 9) тармақшасына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 19-бабының 4-тармағына сәйкес Әуликөл ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Әуликөл ауылы жолаушыларын "Сигнал дүкені" - Орталық – Аудандық аурухана – ДСУ 20" № 1 маршрутына, "Әуликөл – Аманқарағай – Әуликөл" № 2 маршрутына әлеуметтік маңызы бар тұрақты тасымалдауға 100 теңге мөлшерінде тариф белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Әуликөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ж. Таукенов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Әуликөл аудандық  
мәслихатының төрағасы  
Д. Қойшыбаев